

"Міндетті аудит жүргізу жөніндегі аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 13 қарашадағы № 490 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 26 шілдедегі № 369 бұйрығы
Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының 2013 жылғы 10 шілдедегі № 2-010713-13-35319 наразылық енгізуіне байланысты **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Міндетті аудит жүргізу жөніндегі аудиторлық ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 13 қарашадағы № 490 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тіркелімінде № 8132 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2013 жылғы 12 қаңтардағы № 16-20 (27959); «Казахстанская правда» газетінің 2013 жылғы 12 қаңтардағы № 10-11 (27284-27285) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі бақылау, нақты сектор бухгалтерлік есебі мен аудиті әдіснамасы департаменті (А.О. Төлеуов) бір апта мерзім ішінде осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберсін және оның мерзімдік баспа басылымдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енеді.

Министр

Б.ЖӘМІШЕВ